

# ОҚЫТУДЫҢ

Н Ы С Қ А У Ы

# ОҚЫТУДЫҢ

Н Ы С Қ А У Ы

Баспасы  
Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелері Шіркеуі  
Солт Лейк Сити, Юта

© 1994, 1999, 2001 by Intellectual Reserve, Inc.  
Барлық құқықтары қорғалған  
Америка Құрама Штатында басылып шығарылды

Ағылшын мәтіні бекітілген: 3/01

Аудармасы бекітілген: 3/01

*Teaching Guidebook* аудармасы

Kazakh

# Мазмұны

Кіріспе	1
Рухани дайындалыңыз	2
Иса Мәсіх оқытқандай оқытыңыз	4
Әр түрлі оқыту әдістемелік тәсілдерді пайдаланыңыз	10
Сабағыңызды дайындаңыз	15
Оқушыларыңызды түсінізіз	19
Оқытудың батасы	21
Тармақтағы мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру	22
«Инжілге оқыту» курсының бағдар жолы	25
Шіркеудің оқу жабдықтары мен отбасы тарихы туралы ақпаратты тауып жию	28

## Таратылуы

Мұғалімдерге арналған *оқытудың нұсқауы* базалық оқыту әдебиетімен бірге пайдаланады, және бұл, басқа ортақ оқыту жоспарын пайдаланатын Шіркеу мүшелеріне де пайдалы болады. (*Оқыту әдебиетін пайдалану туралы әулие жетекшілері мен қосымша мекемелерге арналған ақпаратты қара [36363]*). Бұл оқытудың нұсқауы Шіркеу мүшелеріне, Инжілді үйде және шіркеудің мекемелерінде, оқыту деңгейін көтеруге көмектеседі. Оқытудың нұсқауының данасы әр мұғалімде болуы тиіс: отбасы отағасына да қажет болуы мүмкін.



# Кіріспе

---

Бұл оқытудың нұсқауы ата-аналарға, басқарушылар мен мұғалімдерге арналған. Оны өз бетімен оқыту өнерін көтеру үшін пайдалануға болады. Және оны «Інжілге оқыту» курсы мен мұғалімдердің біліктілік дәрежесін көтеру жиналысы сабағында негізгі оқу құралы ретінде қолдануға болады. (21-22 бет. қара)

Құдайдың оқытқаны:

«Сендер бір-бірінді патшалық іліміне үйрету үшін, сендерге мен өсиет беремін.

«Ынтамен оқыңдар, сендермен Менің берекем болады, теорияда толық тәлім алу үшін, ұстанымдарда, Інжіл ілімі мен заңында, тағы басқа барлық Құдай Патшалығына қатысты және нені сендерге жақсы түсінуде» (1 мен Ө 88:77-78).



Ең басты оқытатын орынның бірі үй болуы тиіс. Үй мен отбасына қолдау көрсететін Шіркеуде өткізілетін оқыту мен сабақ. Біз барлығымыз ұстаздық міндетімізді отбасында, Шіркеуде, күнделікті өмірдегі таныс адамдар мен көршілердің арасында да орындаймыз. Біз ата-анасы, ұлдары, қыздары, күйеулері, әйелдері, бауырлары мен әпкелері ретінде оқытамыз. Біз шіркеу

басқармасы, сынып мұғалімдері, үй мұғалімдері мен ара-қатынас әпкелері ретінде оқытамыз. Тағы да біз әріптестер, көршілер мен достар ретінде оқытамыз. Анда-санда біз куәгерлігімізді айтып оқытамыз, бірақ көбінде біз өзіміз басқаға үлгі болып үйретеміз.

Галилей теңізінің жағалауында қайта тірілген Құдай Петірді үйретіп, бағытқа салды: «Менің қойларымды бақ» - деді. (Жохан 21:16-17) Оқытуға шақыру, адамдардың жанын Інжіл шындығымен толықтыруымызды талап етеді, солай оларды біз Құтқарушымызға жетелейміз. (Мороний 6:4 қара) Ойланғандаршы, балаларын құтқару ісіндегі Көктегі Әкеміздің Інжілге оқытуының рөлі қандай. Сендер өздерің бұдан да қасиетті немесе игілікті міндетті елестете аласыңдар ма?

Егер сіз ата-ана немесе жаңа ғана шақырылған мұғалім болсаңыз, сіз осы жауапкершілікті ойлап мазасыздануыңыз мүмкін. Есіңізде болсын, сізге Құдай көмегін беруге дайын. Оның уәдесі: егер біз сеніп бойсұнсақ, Ол «барлық әлсіздікті ... [біз] үшін күшке айналдырады» (Ефер 12:27). Жақсы мұғалім боламын деген бағытта, біз өмірден алынған машық пен тәжірибеге сүйенсек болады. Өзімізді Құдайға тапсырып, бар ынтамызбен дайындалып, сол біз оқытатын адамдардың рухын нығайтуға тырысатын болсақ, қабілеттілігіміз арта түседі.

# Рухани дайындалыңыз



Сіздің рухани дайындығыңызда Рух немесе Киелі Рух адамдарды оқытқан кезде, сізді бағыттап көмегін береді. Инжіл заңына және шындыққа оқытқан уақытта Киелі Рухтың қатысы қажет. Құдайдың айтқаны: «Сіздің шынайы дұғаңыздың арқасында сізге Рух сезімі беріледі; егер де Рухты қабылдай алмасаңыз, сіз оқыта алмайсыз.» (I мен Ө 42:14) Төменде келтірілген ұсыныстар Киелі Рухтың жетекшілігімен оқыту дайындығында көмектеседі.

## Арнайы жеке берілген бата

Сізді ұстаздық етуге шақырғаннан кейін, сізге жеке бата мен әулиелік жетекшілердің ерекше батасын алуға тиістісіз. Ол бата сізге өз борышыңызды атқаруға көмектеседі. Сіз өз күшіңізге сай борышыңызды атқаруда қызмет етсеңіз, басқаға жақсы үлгі болуда Құдай сіздің әлеуетіңізді арттыра ұлғайтады. Қажеттілік туындаса ол сіздің

дарыныңыз бен қабілеттілігіңізді көбейтеді.



## Киелі Рухтың қолдауына жүгініңіз


Оқыту барысында Киелі Рухтың қолдауына жүгініңіз. Ол сізге оқушыларыңыздың қажеттісін ұғып және соны қанағаттандыру бағытында арнайы сабақты дайындауға көмектеседі. Ол сіздің жүрегіңізді жұмсартып жаңа шабыт пен тәлімді алуда және сіздің ақыл-ой парасатыңызды дайындайды.

## Жиі мінажат етіңіз

Сіз оқып дайындалған уақытта жиі мінажат етіп, Құдайдың батасын сұраңыз. Кейде мінажат ету мен бірге ауыз бекітуге болады. Әр оқушыңызға сүйіспеншілікпен қарап түсіну үшін мінажат етіңіз. Киелі Рухтың өсиетін ажырата білуді үйреніп соңынан еріңіз.

## **Киелі жазбаларды оқып біліңіз**

Киелі жазбаларды мінажат етіп оқыңыз. Сонда сіз Құтқарушыны танып, білім ақиқат түсінігінде өсесіз. Киелі Рух сізге Киелі жазбаларды түсінуге, сіздің оқушыларыңыздың немесе отбасы мүшелерінің қажеттісіне қаншалықты пайдалы екендігін көруге көмектеседі. Егер сіз Киелі жазбаларды оқыған кезде дұға мен ауыз бектуді біріктірсеңіз, ол сіздің Рухыңызды күшейтіп, сабақ барысында құттап бағыттайды.



## **Інжіл жолымен өмір сүріңіз**

Шамаңызға қарай, толығымен Інжіл оқуымен өмір сүруге тырысыңыз. Бұрынғы күнәларыңыздан арылып, тәубеге келіңіз. Солай істеп, сіз түсіністік пен күшке ие боласыз. Сонда айналаңыздағылар сіздің

Інжіл жолында өмір сүріп тыныштық пен бақытты сезімге оранғаныңызды анық көреді. Олар сіздің кәуәгерлігіңіз бен шынайы берілгеніңіздің шындығын сезінеді. Сіздің өмірлік үлгіңіз олар үшін тәлім - тәрбие болады.

Бір мұғалімнің сабаққа дайындық кезінде Киелі Рухтың қолдауын сезіну қиындыққа соғады. Сонда ол мінажат етіп, көмек сұраған кезде, ол шын жүрегімен көршісіне деген көз қарасы дұрыс еместігін түсінеді, өйткені оның көршісі оны жақтырмайтын. Ол бойсұнып Құдайдан кешірім сұрайды. Келесі күні ол көршісіне келіп оған деген көзқарасы бұрыс болғаны үшін кешірім сұрайды. Олардың қарым-қатынастары жақсарады, ал мұғалімнің Киелі Рухы қайта жаңғарады.

## **Бойсұныңыз**

Бойсұну сіз өзіңізге назар аударту арбауынан алыстатады немесе өз біліміңіз бен дарыныңызға тым сенім артудан сақтайды. Сіз мына берілген Нақыл сөздердің 3:5-6: ақыл-кеңесіне елігіп, бойсұнуды көрсете аласыз. «Құдайға барша жүрегіңмен сеніп, өз ақыл-парасатыңа сенім артпа. Барлық бағытыңда оны танып біл, сонда ол сенің жолыңды дұрыс бағытқа салады» Құдайдың үйреткені: «Бойсұна біл; сонда Құдай сені жетелеп сенің мінажатыңа жауабын береді» (1 мен Ө 112:10).



## Иса Мәсіх оқытқандай оқытыңыз

---



### **Оқытатын адамдарды жылы ниетіңмен оқыта біл**

Өзінің жер бетіндегі өмір сүрген кезінде Құтқарушы әр адамға өзінің үлкен махаббат пен түсінігін көрсетті. Ол кедейлер мен байларды, қуылғандар мен күнәкарларды оқытты. Ол барлық адамдарды жақсы көріп, бір-бірімізге көмек беруді үйретті. Оның айтқаны: «Сендерге жаңа өсиет беремін, бірінді-бірін жақсы көріңдер, Мен сендерді сүйгендей, сендер де бір-біріңе сүйіспеншілікпен қараңдар» (Жоханнан 13:34). Сіз оқушыларыңызды жақсы көретінінзді қалай білдіртсеңіз,

олар да өздерінің мәңгілік құндылықтарын сезініп, оқуға деген белсенділіктері мен Рухани қабылдауы есейеді.

Інжілге оқыту – ол апта сайын жүргізетін сабақтан да маңызы зор. Ол сіздің оқушыларыңызға деген қамқорлығыңызды білдіреді. Олардың әрқайсысын танып білуге күш салып тырысыңыз. Сізге бұл оларды өте нәтижелі оқытуға көмектеседі. Егер оларда әр түрлі қиындықтар туындап, сабаққа келмесе немесе дәрменсіздікке душар болса, олар сіздің көмегіңізге мұқтаж болуы мүмкін. Жоғалған қой туралы нақыл сөз есіңізде болсын (Лұқадан 15:3-6).



Бір мұғалімнің оқушысы сабаққа сирек қатысатын. Сол аптада, ол баланың ата-анасына қоңырау шалып хабарласқаннан кейін, ол бала келесі демалыста Шіркеуге келетінін байқады. Мұғалім мүмкіндігінше бәрін істеді, ол ата-анасымен жиі хабарласып, олардың баласын қаншалықты жақсы көретіндігін білдірді. Баланың ата-анасы жұмыста кідіріп қалған кезде, мұғалім оны мектептен алып қайтатын. Сонда ол бала сабақты жібермей қатысатын.

Шіркеу мүшелерін шіркеудің өмірінде қатысуға тартып, оларды Інжілге айналған қалпында қалу үшін көмектесуге сіз де мұғалім ретінде көп жұмыс атқара аласыз. Бұл Шіркеудің жаңа мүшелері үшін аса маңызды. Олар әрдайым қабылдаудың жылылығын сезінсін. Олардың барлығы сабақта белсене қатысуына мүмкіндік тудырыңыз. Інжіл шындығын сүйіспеншілік пен Рухтың көмегіне сүйеніп, оқытуға дайындалыңыз.

## Інжіл Шындығына Оқытыңыз

Құтқарушы Інжіл шындықтарын үйреткен. Ол ең алдымен Інжілдің бірінші заңдары мен арнау рәсімдеріне ерекше көңіл бөлетін: ол сенім, тәубеге келу, су рәсімінен өтіп Киелі Рух алу. Ол бізді бір-бірімізге сүйіспеншілікпен қарап, қызмет көрсетуді үйретті. Ол әулиелік, өсиет пен арнау рәсімдері туралы әңгімеледі және басқаны да, сонда, біз нені білуге, істеуге міндеттіміз, Оның алдына келу үшін біз қандай болуға тиістіміз. Інжіл шындығын да біз Киелі жазбалар мен соңғы замандағы Пайғамбарлардың сөздері жазылғандай оқытуымыз керек. Дүниелік зат, өзімдік пікір мен дерексіздік немесе қарама-қайшы тұжырымдамаға орын жоқ.

Құтқарушы Інжіл шындықтарын қарапайымдықпен оқытқан. Күнделікті өмірден алынған тарихи оқиғалар мен мысалдарды келтіріп Ол анық және де жәй тілмен сөйлеген. Оның сабақтары, барша адамдар түсінетіндей, әдеттегі өмірдің оқиғаларынан құралған. Ол жоғалып кеткен қойды іздеу туралы немесе жоғалған тиын және адасып, қайта оралған ұл туралы айтатын. (Лұқаны қара 15)

Оқыту барысында Құтқарушы Киелі Жазбаларға жиі жүгінетін. Оқушыларға үлгі беріп сабақта Киелі Жазбаларды жиі

пайдаланыңыз. Оларға Киелі Жазбалардағы кейіпкерлер шынайы болғанына сеніп түсінуге көмектесіңіз; олар Құдайға қызмет етемін деп, қуанышты да қайғы қасіретті де бастан кешірді. Киелі Жазбалардан жауаптарды іздеуге ниет білдіретін сұрақ қойыңыз. Сабақты нәтижелі өткізу үшін үйде де, оқып дайындалу керектігін көрсетіп түсіндіріңіз. Киелі жазбалардың қосымша көмек зерттеулерін пайдалануды оларға үйретіңіз. Оқушылардан Киелі Жазбалар мен ақырғы күндергі Пайғамбарлардың сөзін оқуды талап ететін тапсырма беріңіз.

## **Рухани оқытыңыз**

Оқыту барысында, мұғалімдер Құдайдың Рухын сезіне білуі тиіс. Терең ұғымдарды оқытуға болады, сонда, оқушылар қызықты әңгімеде қатысып, ой-пікірлерін айтады, егер де сабақта Рухтың қатысы болмаса, бұның барлығы жанға қатты әсер етпейді. Егер де Рухтың қатысы болса, онда олардың Көктегі Әкеге, Иса Мәсіхке, бір-біріне деген сүйіспеншілігі өсіп, Инжіл жолында өмір сүру шешімі бекем болады. Төменде бірнеше ақыл-кеңестер берілген, сабағыңызға Рухты шақыру үшін сол кеңестерді қолдануыңызға болады.

- Мінажат етіп бастаңыз.
- Киелі жазбалар мен соңғы замандағы пайғамбарлардың сөзімен оқытыңыз.

- Куәгерлік етіңіз
- Өз тәжірибеніңізбен бөлісіңіз және басқаларға да, солай істеуді ұсыныңыз.
- Музыканы пайдаланыңыз (10 бетті қара).
- Өз махаббатыңызды Құдайға және басқаға да көрсетіңіз.

Егер де сіз лайықты түрде дайындалсаңыз, Киелі Рух сіздің біліміңізді арттырады және оқыту барысында жетекшілік етеді. Сіз оқушыларға деген ашық сезімді байқайсыз сабақ барысында ең маңыздыны ерекше баса айтасыз. Оларға қаншалықты жақсы сабақ берсем деген сізде қызықты ойлар мен сезімдер пайда болады. Егер сіз бойсұнып Рухқа бағынсаңыз, сіздің ыждағатыңыз жетістікке әкеледі. Сіз оқушыларыңызды Рухтың әсерін танып білуге үйрете аласыз.

## **Адал оқуды ынталандырыңыз**

Құдайдың айтқаны: «Даналық сөздерді ең үздік кітаптардан іздеңдер; білімді оқып іздеңдер және сеніммен» (І мен Ө 88:118). Шіркеудің әр мүшесі ақиқатты өз еңбегімен танып білгеніне жауапты. Инжілдің өмірлік мәніне сәйкес болу үшін, білім ошағында, мұғалімнің міндеті, оқушылардың білімге деген сүйіспеншілік сезімін жандыру. Сол жұмысты атқару үшін, сіз үш нәрсеге назар аударыңыз.



1. Оқуға деген қызығушылығын оятып, оларға демеу болыңыз. Осының кілті – ол Інжілді оқып білгісі келгені өзіңіздің ынтаңыз. Келесі - ол сіздің сабақтарыңызды қызықты, ашық, қабылдауға жеңіл болатын әр түрлі әдістемелік тәсілдерін пайдалану. (9-12 бет. қара) Ең маңыздысы сабақ басталарда қызығушылықты ояту. Сабақты жоспарлағанда, Рухты шақыру амалын іздестіріңіз, оқушыларды қызықты бастамамен іліктіріп, сабақта ілім мен ұстанымдар туралы айтатын әңгімеге назарларын аударыңыз.
2. Сабақта белсенді жұмысты мадақтаңыз. Әр адам сабақта қызыға қатыссын десеңіз, сабақты алдын ала жоспарлаңыз. Сіз олардың біреуіне киелі жазбалардан үзінді оқытып немесе оқиға айтып беруге ұсыныс жасай аласыз. Оларды сіздің сұрақтарыңызға жауап беруді ұсынуға болады немесе

сабақ тақырыбына өздерінің ой-пікірін еркін айтуға шақырсаңыз да болады. Бір немесе екі оқушыны өлең айтып беруге әлде әуен аспаптарында ойнап беруге өтініш білдірсеңіз болады. Дұға қылып, оқушының бірін, куәгерлік етуді немесе сабақ тақырыбын сүйемелдейтін, өз өмірінде болған оқиғаны айтуды ұсынуға болады. Кейде, онымен күні бұрын сол туралы сөйлессеңіз болады, сонда ол алдын ала дайындалып, сабақ кезінде өзіне сенімді болады.

Бір мұғалім сабақ өткізген кезде, сабағының негізгі тақырыбының бірі Мормон кітабын оқу маңызды болатын. Ол сыныптағы жастардың өмірін өзгерткен Киелі жазбалардағы үзінділер туралы ойлануды ұсынды. Содан соң ол үш-төрт оқушыны, өз еркімен тұрып, сыныптағыларға Киелі жазбалардағы сол үзінділер, оның өмірін қалай өзгерткенін бейнелеп, айтып беруді сұрады. Әр оқушы өзінің жылы сезімімен Мормон кітабының күші туралы бөліскен кезде, олар Киелі жазбаларды күнделікті шын ниетімен оқуға ниет білдіріп, оның мағынасы туралы ойланды.

Кейбір адамдар оқыту кезінде белсенділік көрсетпейді. Оқушылардың дауыстап оқуын немесе дұға қылуын талап

етпеніз, олар оны еш қысылмай істей бастағанына сіз сенімді болғаныңызша. Егер сіз қандай да бір оқушы сабақта өз ынтасымен қатысуға дайын екендігіне күмәндансаңыз, өзін ыңғайсыз сезінетін адамды емес, өзі қатысқысы келген адамды шақырыңыз. Көптеген оқушы ептеп сабақта белсенді қатыса бастайды, егер олар біздің оларға деген әдептілігіміз бен құрметімізді көрсе.

3. Олардың алған мәліметтері бойынша тәжірибе жинауға көмектесіңіз. Олар сол мәліметтерді олардың өміріндегі жағдайларда пайдалануға сіз көмектесуге тиістісіз. Бұған тапсырмалар мен міндеттер кіреді, ол оқытатын ілім ақиқаттығына байланысты, білім тәжірибесін жинауға көмектеседі. Есіңізде болсын: Інжіл жолымен өмір сүрмесеніз Інжілді оқу еш тұрғысыз нәрсе.

### **Оқудың жағдайын жасаңыз**

Егер әрқайсысымыз топтың басқа да мүшелері, сабақ барысында, белсенді қатысуларына көмектесетін болсақ, сонда ғана Інжілді танып білуге жағдай жасай аламыз. Егер мұғалімдер мен оқушылар бірін-бірі жақсы көріп, бір-біріне Інжіл жолымен өмір сүруде, оны түсінуге көмектесе, білімге деген ынтасы өседі. Сіз оқушылармен бірге жұмыс істеп,

оқу орнында қолайлы жағдай жасасаңыз, басқа да кедергілер пайда болуына мүмкіндік туындамайды. Осындай жағдайды жасау үшін сіз барлығын істеуге тиістісіз және соны сақтап қалу үшін оқушыларға не істеу керектігін түсіндіріп, көмектесуіңіз керек.



Төменде бірнеше ұсыныстар берілген, олар сізге оқыту орнында қолайлы жағдай жасауға көмектеседі.

- Уақытында келіңіз және өзіңізбен бірге барлық әдістемелік мәліметтер мен оқу құралдары болуы керек.
- Сынып бөлмесі таза, жәйлі және ыңғайлы болуы тиіс, басқа нәрсе назарды алаңдатпайтынына көзіңізді жеткізіңіз.
- Уақытында бастап аяқтаңыз.
- Мүмкіндігіңізше әр оқушымен сәлемдесіп, қарсы алыңыз.
- Сабақ жәйлы, жақсы қарым қатынаста өтуі үшін Рухтың қолдауымен жүргізіңіз.

- Оқушыларды жақсы көріңіз және олар сабақта өздерін жәйлі сезінуі үшін көмектесіңіз.
- Олардың назарын сабақ тақырыбына аударатын сұрақтар қойыңыз.
- Оқушыларды бірін-бірі құрметпен, ықыласпен тыңдауға шақырыңыз.
- Куәгерлік етуге немесе Рухтың қатысуына кедергі жасайтын, басқа әңгімелер мен пікір таласқа рұқсат бермеңіз.
- Егер де оқушылардың пікірлері сабақ тақырыбынан алыстап кетсе, оларға жауап беріңіз, бірақ сабақ тақырыбына қайтарыңыз.

Әр оқушы өзін бағалап, жақсы көретіндігін сезінсе, оның сабақ ережесін бұзуға деген ынтасы азайып, сабақта белсене қатыса бастайды.

Сіз сабақты өткізу үшін барлық жайлы жағдай жасасаңыз да, бәрібір, бір қиындықтарға келіп тірелуіңіз мүмкін. Төмендегі ұсыныстар сол жиі кездесетін қиындықтарды шешуді көмектеседі.

- Егер сізге кедергі жасаса, сөйлегенді тоқтатып елдің назарын аударыңыз. Содан соң жалғастырыңыз.
- Егер де оқушылар сабақта бір-бірімен сөйлесетін болса, сабақтан соң сіз соның өзімен жеке кездесіп, сабақты қалай жақсы өткізуге болатындығы туралы, онымен сөйлесіңіз.
- Сабақ барысында көпшіліктің біреуі басымды болса, басқа оқушыларға да сұрақ қойыңыз немесе әдептілікті сақтап, басқалардың да, ой-пікірін тыңдағым келеді деп айтыңыз.

# Әр түрлі оқыту әдістемелік тәсілдерді пайдаланыңыз



Инжіл ақиқатын оқушыларға танып білуіне көмектесу үшін, әр түрлі әдістемелік тәсілдермен сабақты қызықты өткізуге болады. Кейбір ұсыныстар төменде келтірілген:

## Хиқаялар мен әдістер

Хиқаялар мен әдістер сабаққа деген қызығушылықты оятады және Инжіл заңдары күнделікті өмірде қалай іске асатынын көрсетеді.

Мұғалімдерге арналған нұсқауларда немесе Киелі жазбаларда керемет хиқаялар іздеп табасыз. Сабаққа дайындалған кезде, сабақта пайдаланатын хиқаялардың барлығын алдын ала оқыңыз. Оларды өз сөзіңізбен айтуды үйреніңіз. Сыныптағылар оны қызыға тыңдайды, егер ол хиқаяны

кітаптан оқымай, әңгімелеп айтса. Кіші жастағы балалар көріністің біреуіндегі кейіпкерлерді қуана-қуана сахналық қойылымдағы секілді, ойнап көрсетеді.

Бастауыш қоғамдағы бір мұғалім өз сабағын Киелі оқиғалардан алынған хиқаяның бірінен бастайтын. Мысалы, сабақтың тақырыбы мейірбандыққа арналған болса, ол оқушыларға мейірбан Самариянның хиқаясын айтатын. Тоналған, соққыға жығылған адамды және соны көріп тұрып айналып өткен адамдарды да балалар көз алдыларында елестете алатын. Сол жараланған адамға көмекке келген Самариянның мейірбандығы мен қадір-қасиетіне таң қалған. Балалар келесі хиқаялардың әңгімесін асыға

күтетін болды. Оқушылардың назарын аудару үшін, мұғалім әңгімені сабақта мәнерлеп айтқанды пайдаланды. Солай, оқушылар Киелі жазбаларды жақын танып, оған қызыға бастады.

### **Сурет кескінін немесе көрнекі құралдарды пайдалану**

Сабақ уақытында Құтқарушы көрнекі құралдарға жиі назар аударып мысал келтіретін. Адамдар оны анық түсінуі үшін, ол түсінікті салыстырмаларға жүгінетін. Ол бидай, құм немесе басқа да барлығына белгілі заттар. Мысалы, Ол Құдайдың Патшалық қазынасымен салыстырды, сол қазынаны алу үшін адам өзінде бардың бәрін сатады. (Матайдан 13:44 қара)



Жан-жағыңа байқап қара. Сіздің оқушыларыңыз Инжіл заңдары туралы түсінік алуда көмектесетін қандай әдеттегі заттарды сабақта пайдалана аласыз?

Инжіл заңдарын бейнелеп көрсету үшін, сіз жай суреттер мен бейне көшірмелерін пайдалана аласыз. Инжіл жазбаларындағы хикаяның бірін айтқан кезде, Өнеркөркем Инжіл жинағынан алынған бейне суретін көрсетіңіз. Хикая одан да қызықты болсын десеніз, сынып тақтасына немесе параққа, өзіңіз қарапайым суреттерді салыңыз.

Бір күні мұғалім Исаның тәмсіл әңгімесіне негізделген бидай мен үйбидайық туралы сабақ өткізді. Егер де арамшөпті ерте шөптеп жұлса, оны жаңа шыққан өсімдімен бірге жұлып тастауы мүмкін екендігі туралы оқушылар ауыл жерде тұрғандықтан соны түсінер деп мұғалім сенді. Ол бір шоқ бидайды арамшөптің бұтақтарымен араластырып дайындап қойды. Ол соны сабақ бойы көрсетті.

Басқа мұғалім балаларға, тәубеге келуді олар немен теңестіре алады деп сұрақ қойды. Балалардың біреуі сабынмен теңестіруді ұсынды, өйткені ол бізді күнәларымыздан тазарта алады деді.

### **Әуенді пайдаланыңыз**

Әуенді пайдалану, сабақтарыңызға Құдайдың Рухын шақырудың жақсы әдістердің бірі. Сөзбен айтудың қиындығы туындаған кезде, әуен бізге терең жатқан сезімді білдіруге көмектеседі.





Шіркеуде орындалған әуендер бізді көптеген Інжіл заңдарына үйретеді, оны әр сабақта қолдануға болады. Сіз жеке бір адамды шақырып, топты не барлық отбасын немесе оқушылармен бірге сабақ тақырыбына байланысты әнұранды орындауға болады. Біреудің сүйемелдеуімен әнұранды дауыстап оқуға да болады. Немесе аудиожазбаны пайдалануға болады.

Бір мұғалім «қызмет» туралы тақырыпқа сабақ дайындады. Ол жалпы мағынаны қолдайтын әнұранды таңдады. Сабақ кезінде ол әнұранның сөзін оқуға бір әпкейді шақырды, басқа біреуі ыңылдап соның әуенін салды. Ол оқушыларға оқылған сөздердің мағынасына назар аударуын сұрады. Бұл әуен оқушыларға қызмет көрсетудің маңыздылығын түсінуге көмектесті.

### **Мұқият ойланып талқыға салатын сұрақтар**

Дұрыс қойылған сұрақ сабағыңызда терең ойландырып талқылауға

ынталандырады. Сұрақтар мен талқылаулар барлық жағынан да жақсы. Сабақ уақытында олар оқушылардың назарын аударады. Оқушылар сабақты түсінді ма жоқ па сіз оны тез білесіз. Сұрақтарға жауап іздеп және оны талқылап, олар бір-бірін оқытатын болады. Олар Інжіл заңдарын өздерінің жеке өмірінде пайдалануды үйренеді.

Сабаққа дайындалған кезде, қоятын сұрақтарды алдын ала ойластырыңыз. Келесі ұсыныстар сізге пайдалы болуы мүмкін.



- Оқушылар Інжіл заңдары туралы ойланып, оны шынайы өмірде, қалай қолдануға болатындығы туралы сұрақтар қойыңыз. Ойға салатын сұрақтар жиі «неге» және «қалай» деген сұрақтардан басталады. Қысқа бір не екі сөзден тұратын немесе «иә» және «жоқ» деген жауап қайтаратын сұрақтардан аулақ болыңыз.

Мысалы: егер сіз Құтқарушыны біздің өмірдің мәніне қалай айналдыруға болатыны туралы

тақырыпқа сабақ өткізеңіз, сіз мына секілі сұрақтарды қойсаңыз болады:

«Мәсіхтің іргетасында құру» - деген сөйлем нені білдіреді?

«Мәсіхтің іргетасынан басқа, адамдар кейде қандай негіздемеде өз өмірін құрады?»

«Өміріңізді Мәсіхтің іргетасында салған кезде, батасын қалай алған едіңіз?»

- Оқушыларға өз тәжірибесі мен ойларын бөлісуді қозғайтын сұрақтар қойыңыз. Мысалы:

«Неге Құдай бізге күнделікті мінажат етуді өсиет етіп қалдырды?»

«Сіздің мінажат етуіңізге Ол жауабын қалай берді?»

- Оқушыларыңыз өз өмірінде Інжіл заңдарын қалай қолдана алатындығы туралы сұрақтар қойыңыз. Ғ Мысалы:

«Оның батасын алу үшін, біз өзімізді қаншалықты жақсы дайындауымыз керек?»

«Иса Мәсіх Әлемнің Құтқарушысы деген білімге сіз қалай келдіңіз?»

«Джозеф Смит шынайы Құдайдың Пайғамбары екендігін сіз қалай күәгерлік етіп бекіте аласыз?»

Егер де оқушылардың біреуі сіз жауап бере алмайтын сұрақ қойса,

сыныптағы оқушылардың біреуі сол сұраққа жауап бере алады немесе сол оқушыға, келесі жолы жауап беремін деп айтыңыз.

Егер оқушылар сұрақ қойған соң, бірнеше секунд үн қатпаса, оған бола уайымдамаңыз. Әдетте, жауабын ойлану үшін біршама уақыт керек. Егер де оқушылар сіз қойған сұрақты түсінбеген секілді көрінсе, онда сұрақты өзгеше қойыңыз. Сұрақты нақты оқушының біреуіне қояр кезде, оны атымен атап, сұрақты содан соң қойған жөн.

Зейін болыңыз, дайындаған тақырыпты толығымен оларға жеткіземін деген ұмтылыста, қызықты жүріп жатқан пікірталасты алдын ала үзіп жібермеңіз. Оқушылар Рухтың әсерін сезініп, Інжіл білімін арттыра жетілдіріп, оның заңдарын өз өмірінде пайдалануды үйрену, сол Інжіл жолымен өмір сүру міндеттемені бекіту - олар үшін маңызды.

## **Арнайы Шақырылған Қонақтар**

Кейде сіз сабаққа арнайы қонақты шақыра аласыз. Шіркеу мүшесіне тұрарлық біреуді баяндама жасауға немесе хикаяны әңгемелеп беруді, не болмаса куәгер етуіне өтініш білдіресіз. Оған қанша уақыт берілгенін оны алдын ала ескертіңіз. Егер де шақырғыңыз келген қонағыңыз тармақтан тым

алыс қашықтықта тұратын болса, онда сізге епископтың немесе тармақ президентінің келісімі керек.


Үй мұғалімдерінің жолдамасымен баратын отбасындағы балаларды қалайша қызықтыру керектігі туралы аға миссионерлерге айтып беру үшін басқару кворумының президенті сабаққа арнайы бір қонақты шақырды. Аға миссионерлер үйде сабақ жүргізген кезде отбасындағы балалар да оқыту барысында қатысулары

керектігін жақсы түсінді және сол балаларды әңгімеде белсенді қатысуда көмектесу үшін көптеген ұсыныстар алды.

## **Шараларды пайдаланыңыз**

Сабаққа қатысты қарапайым шаралар оқушыларға, әсіресе балалар мен жастарға Інжіл заңдарын оқуға көмектеседі. Ол шаралар Інжілді оқу үшін сәйкес болуы қажет. Осындай шаралардың ұсынысы көптеген Шіркеудің оқыту нұсқауы басылымында жазылған.

## Сабағыңызды дайындаңыз



Инжіл заңдарын нәтижелі айту үшін сабақтарға тиянақты дайындалу өте маңызды. Келесі ұсыныстар дайындалуға көмектеседі.

### Әдістемелік қорлар

Киелі жазбалар мен соңғы замандағы Пайғамбарлардың оқытуында негізделген, бекітілген оқыту мәліметтерін Шіркеу мүқият дайындаған. Әулиелік басқарушыдан немесе қосымша жетекшіден келесі мәліметтер пайдалану үшін қол жетерлік пе, соны сұраңыз:

- Мұғалімдерге арналған оқытудың нұсқауын сабақтарыңызға арнап Шіркеу басып шығарды;
- Барлық оқушыларға арналған Киелі жазбалардың көшірмесі;

- Соңғы замандағы Пайғамбарлардың жолдаулары бар шіркеу журналдары;
- Сіздің тілде басылып шығарылған Киелі жазбалар мен қосымша әдістемелік мәліметтер;
- Көптеген көшірме суреттер Инжілдің Өнер Жиынтығы деп аталатын қоры, жиналыс үйінің кітапханасында болуы тиіс.



Өзіңздегі қол жетерлік мәліметтерді қарап шығыңыз, сабақта оларды қолдану үшін жоспар құрыңыз. Жақсы мұғалім болу үшін таңдаулы мәліметтерді пайдалануға міндетті емессіз. Мәсіх қарапайым жағдайда көптеген сабақ өткізген. Сіз берген оқытудың сапасына Киелі рух әсерін береді. Оқыту тәсілдерін Рухтың жетелеуімен бірге дұрыс пайдалансаңыз, Інжілдің оқытуында ол сізді үлкен әлеуетпен қамтамасыз етеді.

### **Күні бұрын дайындалыңыз**

Сабағыңызды күні бұрын дайындаңыз. Сабақты өткізер алдында, оны бірнеше апта бұрын дайындаған пайдалы. Сондықтан сабақтың тақырыбы туралы мінажат етуге, ойлануға және соған лайықты дайындалуға сіздің уақытыңыз жеткілікті болады.

### **Сабақтың мақсатына назар аудару**

Әр өткізген сабағыңыздың мақсаты болуы керек. Мысалы, ауыз бекіту тақырыбының мақсаты, ол жексенбіде арнайы өтететін ауыз бекітудің және соның нәтижесінде алған батаның маңызды мағынасын сынып мүшелеріне түсіндіріп көмектесу. Сабақ барысында айтылған сөздер мен талқылаудың барлығы сол мақсаттың бағытында болуы тиіс.

Сабақтың тақырыбын анықтап шешу үшін, барлық сәйкес келген

Киелі жазбалар мен мәліметтерді оқып біліңіз. Осы сабақтың қай бөлігі сіздің оқушылар үшін өте маңызды, сол туралы Құдайдан көмек сұраңыз. «Мен сабақ өткізген соң, оқушылардың өмірінде қандай өзгерістер болуы тиіс?»- деп, өзіңізге сұрақ қойыңыз. Шіркеудің көптеген оқыту нұсқаулары сабақтың мақсатын тұжырымдайды. Әрбір сабақ оқушыларға қандай әсер беруі тиіс, осы шешімді жасауға сол тұжырымдамалар сізге көмектеседі.

### **Нені оқытасыз, шешім қабылдаңыз**

Сабақтың мақсатын анықтағаннан кейін, сол мақсатқа жету үшін, қандай заңдарды оқыту керектігін шешіңіз. Оқыту нұсқауларында Киелі жазбалардың өлеңдері, әңгімелері мен ақпараттар келтірілген, олар сізге сабақты өткізуге көмектеседі. Кейде мәліметтердің көлемі сізге берілген уақыттан асып түсуі мүмкін. Бұндай жағдайда сіздің оқушыларға пайдалы ең қажетті мәліметтерді таңдап алу керек. «Қандай ілімдер мен заңдар оқушылардың алдарында тұрған қиындықтарды жеңуге көмектеседі»- деп, өзіңізге сұрақ қойыңыз.

Егер сіз Киелі жазбалар мен оқыту нұсқауларына кірмеген мәліметтерге сүйенуді ұйғарсаңыз, онда *Бастапқы Президенттің жолдауында, мұғалімдердің қатысу жолдауында, шіркеу журналында*

және Басты конференцияда айтылған сөздерге жүгініп, әңгімелері мен хикаяларын пайдалану туралы ойланыңыз.

Нені оқытатын туралы шешім қабылдағаныңызда:

- Мінажат етіп, сабаққа қатысты мәліметті оқыңыз.
- Сабақ мәліметтеріне кіретін негізгі ілім мен заңдардың тізімін құрастырыңыз.
- Оқушылардың қажеттіліктері мен жағдайлары әрқашанда есіңізде болсын.
- Рухтың жетекшілігіне сүйеніңіз.

Әдетте бір немесе екі басты заңдардың біріне жүгінуге болады.

### **Қалай оқытуды шешіңіз.**

Нені оқытуды шешкеннен кейін, сіз оны қалай оқыту керектігін анықтауыңыз қажет. Сабаққа қатысты мәліметтерді оқыңыз, мінажат етіп, оны оқушыларға қалай жақсырақ айтып жеткізуді ойлаңыз. Сабақта пайдаланған әдістемелік тәсілдерді оқушылар түсініп, оны олардың тәжірибеде қолдануында, сіздің оқытқаныңыз, көмектесуі тиіс.

Сабақ барысында талқылайтын Киелі жазбалардан алынған үзінділер, әңгімелер мен басқа да ақпаратты мұқият оқыңыз және тағы басқа інжіл мен заңдардың түсінігін беретін Киелі жазбалардан алынған үзінділерді де. Киелі

жазбалардан алынған бұл үзінділерді оқушылар өз өмірінде қалай қолдана алады, оларға соны түсіндіріп көмектесуге дайын болыңыз.

Тағы да сіз әңгімені немесе өз өміріңізден не болмаса оқушылардың өмірінен алынған мысалды келтірсе болады (1 Нефийді қара 19:23). Мысалы, бір жасөспірім, әулиелікті ұстаушыларға арналған сабақтан кейін, темекі шегуді тоқтатты, ол сабақ Даналық сөз тақырыбына арналған болатын, мұғалім өзінің туған бауыры сол әдетті қалай жеңіп шыққаны туралы суреттеп, әңгімеледі. Әдеттен қалай арылу керек туралы осы үлгі түсіндірді. Сол айтылған әңгіме, өз өмірін өзгертуге болатындығы туралы, оған жете түсінік берді.

Сабақты өткізуге көмектесетін әр түрлі әдістеме оқытулар туралы ақпарат осы нұсқаудың 11-15 беттерінде жазылған.

### **Қортынды жоспар**

Құтқарушы өзі берген сабақтарына қортындыны жиі жасайтын, Ол адамдарды соны өздерінің өмірінде қолдануға шақырады (мейірімді Самарянинді қара, Лұқадан 10:30-37). Сабақтың соңында айтылған мәліметтерді қысқа түрде қайталап қорытынды жасауыңыз керек. Сабақта талқылаған заңдар мен ұстанымдарды өз өмірінде қалай қолдануға болатыны туралы оқушыларға айтып беріңіз, тағы

басқа да жолдары туралы ойлануға шақырыңыз. Сол бір ойының біреуін келесі аптаның ішінде тәжірибе ретінде байқап көруді ұсыныңыз. Келесі сабақтарда олар өз тәжірибесінде нені білді, оларға сол туралы сұрақ қойсаңыз болады.

Бір сыныптың оқушылары апта бойы жасырын түрде күнделікті біреулерге қызмет етуді ұсынды.

Келесі сабақтың басында мұғалім олардан істерінің нәтижесін қысқа түрде баяндауын сұрады. Бірнеше сынып мүшелері қуана өз тәжірибесімен және алған сабақтың өмірде іске асырған қуанышымен бөлісті. Оқушылардың жөнді жауаптары басқаларды да, өздерінің қызмет көмегін көрсету орындарын кеңейтуге ынталандырды.

# Оқушыларыңызды түсініңіз

---



Сіз оқытатын адамдарды түсіну, өте маңызды. Оқушылардың жасы мен тәжірибесін қарастырайық. Әр түрлі жастағы адамдардың түрлі қажеттіліктері мен түрлі білімдері бар.

## **Балалар**

Балалар физикалық, әлеуметтік, эмоция және рухани жағынан өседі. Сабаққа дайындалған кезде әр баланың жеке дарынын, қабілеттілігі мен оның талаптарын есіңізде сақтаңыз.

Балалар алуан түрлілікті ұнатады. Оларды қызығушылықта ұстау үшін қысқа әңгімелерді, қарапайым ойындарды, суреттемелерді және көрнекті құралдар мен өлеңдерді пайдаланыңыз.


Балалар енді ғана қатысу, мейірімділік пен төзімділік туралы қасиеттерді біле бастады. Балаларға сол саладағы қиындықтарды жеңіп шығуға көмектесіңіз, Иса Мәсіхтің үлгісін мысалға келтіріп, естеріне салыңыз, соның жолымен жүруге шақырыңыз.

Балалар өте сенгіш және сенеді. Олар сіз оқытып үйреткеннің бәріне сенеді. Сіз қандай үлгі беретініңізді олар бақылап соған ілеседі.

## **Жастар**

Балалық шақ пен ересек өмірдің кезеңінде өз қиындықтары мен күрделі жағдайлары болады. Отбасында, мектепте, жұмыста оқушылардың әр түрлі міндеттері





болуы мүмкін. Төменде берілген ұсыныстар жасөспірімдерге дұрыс әсер беруге ықпал етіп көмектеседі.

Олардың өміріне тікелей қатынасы бар сабақ дайындаңыз. Олардың сұрақтарына Інжіл қалай жауап береді және ол қалай дұрыс таңдау жасауға көмектеседі, оларға осы түсінікті беріп көмектесіңіз.

Жасөспірімдер жалғыздық пен түсінбеушілікті сезінеді. Әр оқушыға өзін сыныптың бір мүшесі ретінде сезінуіне көмектесіңіз. Інжілдің адамгершілік үлгісімен өмір сүретін бір топ мүшесі болса, оларға ол рухани күш беріп пәк тазалықта өмір сүруге көмектеседі.

Жасөспірімдердің пікіріне құрметпен қараңыз. Оқушыларды

сабақ барысында өз ойларын сізбен және бір-бірімен ашық түрде талқылауға тартыңыз.


## **Үлкендер**

Үлкен оқушылардың жастары әр түрлі және өмірлік тәжірибесі мен шыққан жері, тегі де әр түрлі. Сол алуан түрлілікті сыныптың пайдасына қолданыңыз. Оқушыларды өзінің өмірінде жинаған тәжірибелік даналығымен бөлісуіне ынталандырыңыз. Олардың алуан түрлі қабілеттіліктерін сабақтарда пайдаланыңыз.

Инжіл шындығын жеңіл түрде оқытып жеткізіңіз. Шындықты түсінуге және өзінің жеке өмірінде оны қолдануды үйренуге Киелі Рух оқушыларға көмектесетін болады.

## Оқытудың батасы

---



Сіз мұғалім ретінде оқушыларға Інжіл білімінде өсуге көмектесетін болсаңыз қуанышты сезімге бөленесіз. Сіздің сеніміңізбен күш салып ынталана Інжілді оқытқан еңбегіңіз, олардың Құтқарушы туралы куәгерлігін нығайтады және Оның өсиетімен өмір сүруге көмектеседі.

Бір күні Жексенбілік Мектептің бір мұғалімі сыныптағы көпшіліктің біреуі сабақты одан да жақсы өткізетін шығар деп, уайымдады. Оның сабағы мақсатына жетеме деп, түсінуге тырысты. Бір күні, жексенбіде, оқушының біреуі, онымен оңаша сөйлескісі келді. Ол оған, оның қүйеуі сабақта Рухтың әсерін бастан кешіріп, содан бері, күнделікті отбасын мінажат етуге жинайтын болғаны туралы айтты. Және де ол Ғибадатханаға барып бүкіл отбасымен бірге бекітілуді

ұйғарды. Оқушы өзінің мұғалімге деген сүйіспеншілігі мен терең ризашылығын білдірді, оның сабағындағы Рухтың сондай әсерлі болғанына. Мұғалімнің жүрегі бойсұнып ол оқытудың шынайы мақсатын және оқытудан алған батасын түсінді.

Сабақ жүргізгенде, сіз оқушыларыңызбен бірге бата аласыз. Сіз оқып біліп, дайындалып және Інжілге арнап сабақ өткізген кезде сіздің Інжіл туралы өз біліміңіз бен Құтқарушы туралы куәгерлігіңіз күшейеді. Сіздің басқа адамдарға деген үлкен сүйіспеншілік сезімі пайда болады. Сіз Бойсұнып және қалай үйретіп оқытсаңыз солай ынталана өмір сүрсеңіз, сіз үлкен Рухани сезімге бөленесіз. Сіздің ұстаздық қызметіңіздің арқасында өміріңіз жақсарады.

# Тармақтағы мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру



Тармақтың оқыту сапасына Президенттік бөлімі жауапты.

## **Мұғалімдердің біліктілік мамандығын жетілдіру жұмысындағы үйлестірушінің міндеті**

Шіркеу мүшелерінің саны көбейген сайын тармақ президенттігі мұғалімдердің біліктілік мамандығын жетілдіретін үйлестірушіге батасын беріп, осы саладағы істе тәлімгер етуге шақырады. Шіркеу мүшесінің біреуі үйлестірушінің жұмысын атқара алады. Үйлестіруші тармақтың кеңесіне кіреді және ол әулиелік басқарушыларға, қосымша ұйымдар мен мұғалімдердің Інжілді үйрету сапасының деңгейін

жетілдіруде көмектеседі. Үйлестіруші басқарушыларға жоспар құруға, мұғалімдердің біліктілік дәрежесін жетілдіру жиналыстарын өткізуге көмектеседі және оған тапсырылған болса, «Инжілге оқыту» сабағын өткізеді.

## **Басқарушылардың мұғалімдерге қолдау көрсетуі**

Әулиелік басқарушылар мен қосымша ұйымдар өз ұйымдарында Інжілді үйрету сапасына жауапты. Олар өте биік ұстаз шеберліктің үлгісі болып, мұғалімдерге, олардың қызмет борышының маңыздылығын түсінуге көмектеседі. Шіркеу басқарушылары өздерімен бірге

қызмет ететін мұғалімдерге ризашылығын білдіріп, көмек көрсетіп оларды ынталандырулары керек. Егер басқарушылар өз ұйымдарында мұғалімдерге қолдау көрсетіп ынталандырса, шіркеудің ұстаздық шеберлігі өсетін болады.

### **Мұғалімнің біліктілік дәрежесін жетілдіру жиналысы**

Әр басқарушы мен әулиелік мұғалім және қосымша ұйымдар әр үш айда бір рет мұғалімдердің біліктілік дәрежесін көтеру жиналысына қатысуы тиіс, онда ұстанымдар мен әдістерді және Инжілді оқып білу мен ұстаздық деңгейді жақсартудың әдістемелік тәсілдерін олар танып білу үшін. Мұғалімдердің біліктілік дәрежесін көтеретін үйлестіруші әулиелік басқарушылардың және қосымша ұйымдардың кеңесін алып, мұғалімдердің біліктілігін көтеретін жиналыс кестесін құрастырады. Бұл жиналыс жексенбі күні жиналыс өткізген кезде емес, мұғалімдер мен басқарушыларға ыңғайлы басқа уақытта өткізілуі тиіс. Әдетте, бұл жиналыстар бір сағаттан артық болмауы тиіс.

Мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру жиналысына төменде келтірілгенді қосуға болады:

- Тармақ президенттігінің немесе әулиелік басқарушысының және қосымша ұйым мүшесінің оқыту әдістемесіне немесе оқып білу

тақырыбына арналған қысқа жолдама.

- Әулиелік басқарушысының немесе қосымша ұйымның немесе мұғалімнің өзге де әдістемелік тәсілдерді пайдалануы туралы баяндау.
- Мұғалімдер мен басқарушылардың жеке оқушыларға қалай көмектесуі керектігі туралы ойларын ортаға салып талқылауға уақыт.

Тармақтағы мұғалімдер мен жетекшілердің саны өскен сайын әр тоқсанда мұғалімдер біліктілігін жетілдіру жиналысын бір рет өткізуге болады. Ол.

- Мұғалімдер мен ересек жетекшілер (18-ден жоғары)
- Мұғалімдер мен жастардың жетекшілері (12-ден 17 жасқа дейін)
- Мұғалімдер мен Бастапқы қоғам жетекшілері

Осы жиналыстарды өткізу кестесі ай сайын біреуі ғана өткізілетіндей құрастырылуы керек.

### **Инжілді оқыту Курсы**

Шіркеу мүшелері өздерінің жанұясында және шіркеудің жиналыстарында Инжілдің ең үздік мұғалімдері болуы үшін Инжілді оқыту курсы соның негізін құрайды. Бағдар жолы курсы осы нұсқаудың 26-28 беттерінде келтірілген. Мұғалімдердің біліктілігін

жетілдіру сабағын үйлестіруші жүргізеді, тек тармақ президенттігі тармақтың басқа мүшесіне осы жұмысты ұсынғанға дейін.

Тармақ президенттігі шіркеу мүшелерін курс сабағына қатысуға шақырады. Ереже бойынша бір уақытта курста 10 адамнан артық болмауы керек, сонда барлығына сабақ барысында қатысуға мүмкіндік беріледі.

## «Інжілге Оқыту» бағдар жолы

---

Інжілге оқыту курсы барлық Шіркеу мүшелеріне үздік мұғалім болуға мүмкіндік береді. Бұл курстың нұсқаушысы мұғалімдердің біліктілік дәрежесін жетілдіретін үйлестіруші немесе тармақ президенті ұсынған басқа тәжірибелі мұғалім болуы мүмкін. Бұл курсты Жексенбілік мектепке берілген сағатта немесе басқа ыңғайлы уақытта өткізуге болады. Егер де бұл курс жетекшілер мен нақты бір ұйымның мұғалімдеріне арналған болса, онда оны бір бөлігі ретінде тұрақты басқарма жиналысында өткізуге болады. Егер де күнделікті тәртіп бойынша бөлменің жоқтығынан немесе алыстықтың кесірінен Жексенбілік мектептің сабағын өткізудің қиындықтары туындаса, онда сол мәліметті үйде, сынып жиналысындағы бірнеше сабақтарды біріктіріп өздігінше қарастыруға болады.

Бұл нұсқауда әр сабаққа арналған ойлар мен ұсыныстар келтірілген. Сабаққа дайындық жасаған кезде үйлестіруші «Әр түрлі оқыту әдістемелік тәсілдерді пайдаланыңыз» атты бөлігінде берілген ұсыныстарды қолдана алады. Әр сабақтың аяғында нұсқаушы, сол күні шіркеуде өткен сабақта немесе отбасында болған кеште, оқушылар оқып білгендерін тәжірибеде қолданулары туралы ұсыныс жасауы тиіс. Оларға, ол

ұстаз ретінде өсуге мүмкіндік береді. Егер басқасы көрсетілмеген болса, онда сол ұсынылған кесте бойынша сегіз апта бойы өткізу керек. Төмендегі ұсыныстар курс нұсқаушысына арналған.

### 1 апта

Осы нұсқаудың бір данасын оқушылардың барлығына үлестіріп беріңіз де, мазмұнымен таныстырыңыз. Назарыңызды сабақта «Кіріспе» мен «Рухани дайындалыңыз» тақырыбына аударыңыз. Өмірде Інжіл жолымен жүріп ұстаздық Рухымен оқыту үшін бата алудың басты шарты туралы баса айтыңыз.

### 2 апта

Сабақтың баса назарын «Иса Мәсіх оқытқандай оқытыңыз» бөліміне кіретін «Оқытатын адамдарды жылы ниетіңмен оқыта біл» бөлігіне аударыңыз. Осы нұсқаудың 20-21 беттеріндегі үлкен –кішілігінің сипаттамасымен танысыңыз. Отбасының немесе оқушылардың сүйіспеншілігі мен түсіністіктері онды әсерін берген болса, оқушыларды өз тәжірибесімен бөлісуге шақырыңыз. Мұғалімдер шіркеудің әр мүшесіне олардың қажеттілігіне сәйкес рухани қолдау жасауда, әсіресе, жаңа айналғандар мен мүгедектерге қандай көмек бере алатындығы туралы талқылауыңызға болады.

### 3 апта

Сабақтың баса назарын «Иса Мәсіх оқытқанай оқытыңыз» бөліміне кіретін «Інжіл шындығына оқытыңыз» бөлігіне аударыңыз. Оқыту барысында Киелі Жазбаларды пайдаланып, Шіркеу Ілімдерін дұрыс оқытуға болады және Інжілді оқытуда өз жоспарыңызды құруыңызға болады, соған сіз ерекше көңіл бөліп айтыңыз.

### 4 апта

Сабақтың баса назарын «Иса Мәсіх оқытқандай оқытыңыз» бөліміне кірген «Рухани оқытыңыз» бөлігіне аударыңыз. Оқушылар сабақ барысында өздері Рух серіктестігіне лайық екендігін сезінуге көмектесіңіз. Оларға Рухтың әсерін айырып тануды үйретіңіз және Соның жолымен жүруге көмектесіңіз.

### 5 апта

Сабақтың баса назарын «Иса Мәсіх оқытқандай оқытыңыз» бөліміне кіретін «Адал оқуды ынталадырыңыз» бөлігіне аударыңыз. Өз қамқорлығыңдағы оқушыларға Інжілді оқуға өздеріне міндеттеме алып, соның жолына сәйкес өмір сүруге көмектесу үшін мұғалімдер нақты не істей алады, соған көңіл бөліңіз.

### 6 апта

Сабақтың баса назарын «Иса Мәсіх оқытқандай оқытыңыз» бөліміне

кіретін «Оқудың жағдайын жасаңыз» бөлігіне аударыңыз. Әр оқушы сабақта белсенді қатысып, үйренгісі келетін қолайлы жағдайды қалай жасау керектігін оқушыларға түсінуге көмектесіңіз.

### 7 апта

Сабақтың баса назарын «Иса Мәсіх оқытқандай оқытыңыз» бөліміне кіретін «Әр түрлі оқыту әдістемелік тәсілдерді пайдаланыңыз» бөлігіне аударыңыз. Жақсы сабақты дайындау үшін шығармашылықпен ой қабілеті қажет, сондықтан, осы бөлігіндегі мәліметтер аса маңызды. Оқушыларға осы бөлімдегі талқылаған әдістемелік тәсілдерді олар қалай қолданғандары туралы көрсетіп, немесе өз тәжірибесін ортаға салып бөлісуді ұсыныңыз.

### 8 апта

Сабақтың назарын «Сабағыңызды дайындаңыз» бөлігіне аударыңыз. Оқушыларға сабаққа күні бұрын дайындалуды бастау керектігін түсінуге көмектесіңіз және сабақ жоспарын қалай құрып, оны нәтижелі өткізу керектігі туралы олармен талқылаңыз.

Құрсты өткен кезде сіз қолайлы уақытта «Оқытудың батасы» бөлігінде ескертілген сәттерге көңіл аударуыңызға болады. Оқушыларға олардың өмірінде мұғалімдер қандай көмек бергені туралы және өздері болашақта мұғалім бола

тұрып адамдарға көмек көрсете алдыма, сол туралы әңгімелеуді ұсыныңыз.

Курс аяқталған соң, қатысқандардың барлығын ұстаз ретінде жетілу жұмысын жалғастыруға шақырыңыз. Егер олар мұғалім ретінде жақын арада шақырылған болса, онда әулиелік немесе қосымша ұйымның жетекшісі олармен кездесіп сабақ өткізетін сыныпты көрсетіп оқушылармен таныстыруы керек. Осыдан кейін, олар мерзімді өздерінің әулиелік немесе қосымша

ұйымының жетекшілеріне оқушылардың жетістіктері туралы баяндама жасап, олардың нақты қажеттіктері мен қиындықтары туралы талқылаулары тиіс. Олар жетекшіні сабаққа қатысуға шақырса болады және кез келген жағдайда көмегіне жүгіне алады. Мұғалімдердің біліктілігін жетілдіретін үйлестіруші әрдайым мұғалімдердің көмекшісі болып келеді: ол атанған сынып мұғалімдері, өзінің отбасында оқытатындар мен жетекшілерді өз міндеттеріне үйрететіндер.



## Шіркеудің оқу жабдықтары мен отбасы тарихы туралы ақпаратты тауып жию

---

Жергілікті басқарушылар және басқа да Шіркеу мүшелері шіркеу мәліметтерін, қосымша Киелі жазбаларды, оқу әдебиетін, шіркеу журналдарын, ақтық киім мен ғибадатханаға арналған киімді, өз шіркеуінің тарату орталығында немесе әкімшілік басқармасында, Солт Лейк Сити тарату

орталығынан немесе Ғаламтордың арнайы Шіркеу сайтынан таба алады. [www.lds.org](http://www.lds.org)

Отбасы тарихи жұмыстары туралы мәліметтер Шіркеудің отбасы тарихи жұмыстары деген Ғаламтор сайтында орналасқан. [www.familysearch.org](http://www.familysearch.org)

THE CHURCH OF  
**JESUS CHRIST**  
OF LATTER-DAY SAINTS

KAZAKH



4 02345 95145 8

34595 145